**"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлар айналымы саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 276 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 1010 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 желтоқсанда № 31414 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20231 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 276 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын;

2) "Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын;

3) "Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі қылмысына қарсы күрес департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Ішкі істер министрі* *М. Ахметжанов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2022 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 1010 Бұйрыққа
1-қосымшасы
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 31 наурыздағы
№ 276 бұйрықтың
1-қосымшасы

## "Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағида) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес

әзірленді және "Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды (бұдан әрі - көрсетілетін мемлекеттік қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мынадай: құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсіру, жинау және сатып алу, әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, бөлу, өткізу, пайдалану, жою кіші түрлерін қамтиды (бұдан әрі – кіші түрлері).

3. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) – әкімшілік органға, лауазымды адамға әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін өтінішті берген тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік акт қабылданған, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) жасалған адам ( әкімшілік актінің адресаты);

2) әкімшілік акт (мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі) – әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдаған, жария-құқықтық қатынастарда белгілі бір адамның немесе жеке белгіленген тұлғалар шеңберінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім;

3) әкімшілік орган (көрсетілетін қызметті беруші) – мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет ( әрекетсіздік) жасау бойынша өкілеттік берілген өзге де ұйым;

4) әкімшілік рәсім – бұл әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешім қабылдау және орындау жөніндегі, өтініш негізінде немесе өз бастамасы бойынша жүзеге асыратын қызметі, сондай-ақ әкімшілік органның, лауазымды адамның тәртібінде жүзеге асыратын қызметі оңайлатылған әкімшілік рәсім ;

5) Бірыңғай байланыс-орталығы - ақпараттық-коммуникациялық, мемлекеттік қызметтер және өзге де қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты көрсетілетін қызмет алушыларға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну бойынша ақпараттық-анықтамалық қызметінің функцияларын орындайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін заңды тұлға;

6) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның электрондық нысаны - рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, ресімделетін және алынатын, қағаз тасымалдағыштағы рұқсатпен мәні бірдей электрондық құжат нысанындағы рұқсат;

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру

жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

8) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) - төлемдерді электрондық нысанда көрсетілетін өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде жүргізу туралы ақпарат беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

6. Мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін көрсетілетін қызметті алушыларға ақылы негізде көрсетіледі.

7. "Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде осы Қағидаға 1-қосымшада көрсетілген.

8. Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет және кіші түрлері нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар түскен сәттен бастап оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдардың қорытындысы туралы мәліметтер, көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесінің келісу хаты, қызметкерлерді тиісті тексеру туралы қорытынды, наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлердің қорытындысы қызметкерлердің арасында нашақорлықпен, уытқұмарлықпен, созылмалы алкоголизммен ауыратын адамдардың болмауы туралы, сондай-ақ олардың арасында кәсіби қызметтің және жоғары қауіп көзіне байланысты қызметтің жекелеген түрлерін орындауға жарамсыз деп танылған адамдардың болмауы туралы, тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді бас тартуды (бұдан әрі - дәлелді бас тарту) дайындайды, ол көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, көрсетілетін қызметті алушының прекурсорлар айналымына байланысты қызметті жүзеге асыруы кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдарға, көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесіне көрсетілетін қызметті алушының санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № ҚР ДСМ-72 "Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23852 болып тіркелді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 " Қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіптік ұйымдар аумақтарындағы атмосфералық ауаның гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29011 болып тіркелді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 "Міндетті медициналық

қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелді), өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ( Қазақстан Республикасының Заңы "Азаматтық қорғау туралы". Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 345 "Өнеркәсіптің химия саласындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10276 тіркелді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 943 "Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10293 тіркелді), көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесіне арнайы жабдықталған үй-жайлардың техникалық нығайтылуы (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 943 "Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10293 тіркелді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 11 сәуірдегі № 334 "Есірткі заттарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы объектілерді және үй-жайларды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11171 тіркелді) талаптарына сәйкестігіне немесе сәйкес келмеуіне қорытынды алу үшін сұрау салу жібереді.

10. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органның және көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесінің қызметкері сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының белгіленген талаптарға сәйкестігін немесе сәйкес еместігін белгілейді, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның қызметкері қол қойған қорытындыны қалыптастырады, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік орган және көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық

құжат нысанында нәтижелерін (қорытындыны) көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органдар, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық органдары көрсетілетін қызметті берушіге он жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы жауапты жібереді.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік органның және көрсетілетін қызметті берушінің аумақтық бөлімшесінің қорытындысын алған сәттен бастап көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберілетін, осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес лицензияны және (немесе) қосымшаны қалыптастырады.

12. Біліктілік талаптарына және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесіне сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік – процестік кодексінің 73-бабына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін қарау мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін алдын ала шешімді жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне оны алған күннен бастап 2 ( екі) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушы қарсылық білдіреді немесе мәлімдейді.

Көрсетілетін қызметті беруші тыңдау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға бойынша нысандарға сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны мемлекеттік қызметті не болмаса мемлекеттік қызметті және кіші түрлер көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсетудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

14. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай:

1) заңды тұлға-лицензиат осы Заңның 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;

2) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген ( лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда);

3) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген;

4) қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Егер заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетіле отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу Қағиданың осы тармағының бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары қолданылмайды.

Көрсетілген лицензиаттар мен объектілердің мекенжайларына осындай өзгерістер лицензияларға қосымшаларда мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

15. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі 10-тармағының 1), 3) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толықтығын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберілетін көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын, мәліметтерді ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері лицензияны және (немесе) қосымшаны қайта ресімдейді немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңның 34-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша қайта ресімдеуді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде лицензиар өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексермейді.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру қажеттігі көзделсе, осы талаптарға сәйкес келмеу де лицензияны

және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

16. Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес келмеуі осы Қағиданың 9 және 10-тармақтарында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын алған сәттен бастап көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидаға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қалыптастырады немесе мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Лицензияны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жалпы мерзімі заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

17. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу кезінде мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) лицензиар (көрсетілетін қызметті беруші) тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған;

5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;

7) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.

18. Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген;

2) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

3) егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғаларды-лицензиаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандардың ішіндегі

басқа заңды тұлғаға бұрын қайта ресімделген жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны осы тармақта көзделген негіз бойынша бастамашылық жасалған.

19. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 - бабына сәйкес қызметті ұсынушы көрсетілетін мемлекеттік қызметті және кіші түрлері көрсетудің кезеңі туралы мәліметтерді көрсетілетін мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы өкілетті орган бекіткен тәртіп негізінде енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсатнамалар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету кезінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің және кіші түрлері кезеңі туралы мәліметтер көрсетілетін мемлекеттік қызметті және кіші түрлері көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

20. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

**3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

21. Мемлекеттік қызмет көрсету және оның түрлері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және мониторинг жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және мониторингілеу жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы және кіші түрлері тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып жатқан лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы

әкімшілік актіні қабылдаған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекет жасаған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы сотқа дейінгі тәртіпте шағымданғаннан кейін сотқа жүгіне алады.

"Есірткі құралдарының,
психотроптық заттар мен
прекурсорлардың айналымымен
байланысты қызметке лицензия
беру" мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
1-қосымша

## "Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік қызметтің атауы | Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру |
| 2 | Мемлекеттік қызметтің кіші түрлерінің атауы | Құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсіру, жинау және дайындау, әзірлеу, өндіру, өңдеу, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, тарату, сату, пайдалану, жою |
| 3 | Көрсетілетін қызметті ұсынушының атауы | Ішкі істер министрлігі |
| 4 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету тәсілдері | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті және кіші түрлері көрсету мерзімі | Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, оның ішінде заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну түрінде қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеу кезінде - 10 (он) жұмыс күні;<br>лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеу кезінде, заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу |

| | | |
|---|---|---|
| | | және бөліну түрінде қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеуді қоспағанда - 3 (үш) жұмыс күні. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электронды (толық автоматтандырылған) |
| 7 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету нәтижесі | 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оларды өндіріп алу тәсілдері | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 554-бабына сәйкес өзінің тұратын жері бойынша бюджетке қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға құқық беру үшін лицензиялық алым төлейді:<br>1) лицензия және лицензияға қосымша беру кезінде 20 (жиырма ) айлық есептік көрсеткішті құрайды;<br>2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеу кезінде лицензияны беру уақытындағы ставканың 10 пайызын құрайды.<br>Төлем қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ " электрондық үкіметтің" төлем |

| | | |
|---|---|---|
| | | шлюзі порталы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. |
| 9 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | Көрсетілетін қызметті ұсынушының қызметі - Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09.00 -ден 18.30-ға дейін көрсетіледі;<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек тәртібімен алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз көрсетіледі;<br>порталдың қызметі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, ( көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелерін ұсыну Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) тәулік бойы көрсетіледі.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындары мен кіші түрлердің мекенжайлары мыналар бойынша орналасқан:<br>1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсы: www.mvd.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде ;<br>2) портал. |
| | | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және кіші түрін алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы:<br>1) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 1 - 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды тұлғаның лицензияны және ( немесе) лицензияға қосымшаны |

| | | |
|---|---|---|
| | | электрондық нысанда алуға (қайта ресімдеуге) арналған өтініші;<br>2) құрылтай шартының электрондық көшірмесі;<br>3) ЭҮПШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер – лицензияны және лицензияға қосымшаны алған ( қайта ресімдеген) жағдайда;<br>4) Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери күштер қорғайтындарды қоспағанда, жеке күзет ұйымдарының есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сақтауға арналған объектіні және (немесе) үй-жайларын күзету шартының электрондық көшірмесі меншік нысанына қарамастан құрылымдар;<br>5) меншік құқығын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де заңды негіздерді (жалдауға ( жалдауға), қосалқы жалдауға) растайтын құжаттың, сондай-ақ объектіні және (немесе) пайдалану құқығын беретін құжаттың электрондық көшірмесі туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, өзге де негіздер бойынша үй-жайларды, мөрмен расталған банк мекемесінің кепіл шартымен;<br>6) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері, олар туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда - лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензия және (немесе) лицензияға қосымша.<br>Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін: |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі талап етіледі | 7) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 2-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық нысанда қайта ресімдеу туралы өтініші;<br>8) ЭҮПШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер – лицензияны және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде;<br>9) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері, олар туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда - қайта ресімдеу кезінде. лицензия және ( немесе) лицензияға қосымша.<br>Лицензиат-заңды тұлға бөліну және бөлініп шығу нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:<br>10) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 2-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық нысанда қайта ресімдеу туралы өтініші;<br>11) құрылтай шартының электрондық көшірмесі;<br>12) ЭҮПШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер – лицензияны және лицензияға қосымшаны алған ( қайта ресімдеген) жағдайда;<br>13) Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери күштер |

| | | |
|---|---|---|
| | | қорғайтындарды қоспағанда, жеке күзет ұйымдарының есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды сақтауға арналған объектіні және (немесе) үй-жайларын күзету шартының электрондық көшірмесі меншік нысанына қарамастан құрылымдар;<br>14) меншік құқығын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де заңды негіздерді (жалдауға ( жалдауға), қосалқы жалдауға) растайтын құжаттың, сондай-ақ объектіні және (немесе) пайдалану құқығын беретін құжаттың электрондық көшірмесі туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, өзге де негіздер бойынша үй-жайларды, мөрмен расталған банк мекемесінің кепіл шартымен;<br>15) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері, олар туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда - лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензия және (немесе) лицензияға қосымша. |
| | | 1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;<br>2) лицензиялық алым енгізілмеген ;<br>3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;<br>4) лицензиар (көрсетілетін қызметті ұсынушы) тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған; |

| | | |
|---|---|---|
| 11 | Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсетуден бас тарту негіздері | 5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;<br>6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;<br>7) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.<br>Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөлу түрінде қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болып табылатындар:<br>8) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта рәсімдеуге қажетті құжаттарды ұсынбау немесе құжаттарды тиісті деңгейде рәсімдемеу:<br>9) өтініш берушінің біліктілік талаптарын сәйкес келмеуі;<br>10) егер бұрын лицензия және ( немесе) лицензияға қосымша заңды тұлға-лицензиаттардың бөлінуі нәтижесінде қайтадан туындаған басқа заңды тұлғаға рәсімделген болса. |
| 12 | Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ерекшеліктері мен түрлерін, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтерді | 1) ЭЦҚ болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті және кіші түрлері портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ "1414", 8-800 -080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы;<br>3) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің |

| | | |
|---|---|---|
| | көрсетуді ескере отырып, өзге де талаптар | байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында көрсетілген: www.mvd.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777;<br>4) порталда көзі нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді. |

"Есірткі, психотроптық заттар
мен олардың прекурсорларының
айналымына байланысты
қызметке лицензия беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету тізімге
1-қосымша

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші**

___________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы,
орналасқан орны, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-
сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе
өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

___________________________________________________________

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрі(лері)нің толық атауы көрсетілсін )

______________________________________________________

Заңды тұлғаның мекенжайы ____________________________________
(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы,
ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық пошта __________________________________________
Телефондар ________________________________________________
Факс _____________________________________________________
Банктік шот ________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_______________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)______ парақ қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін беретіні;

өтініш берушінің халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыскерінің өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен растауына келісетіні (халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы жүгінген жағдайда) расталады.

Басшы ______________________________________________________________

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі)

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" __________________

"Есірткі, психотроптық заттар
мен олардың прекурсорларының
айналымына байланысты
қызметке лицензия беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету тізімге
2-қосымша

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші**

_________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

_________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) қайта ресімдеуді сұраймын

(керегінің астын сызу) №__________ бастап "___" _________ 20___ берілген)

______________________________________________________________

(лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның (лардың) нөмірі (лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (ларды) берген лицензиардың атауы) ____________________________________________

жүзеге асыруға (қызмет түрінің және(немесе) қызметтің кіші түрі(лері)нің толық атауы)

(тиісті тор көзде Х көрсетіңіз):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті тор көзде Х көрсетіңіз):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну жолымен қайта ұйымдастырылуы _____

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы Заңның 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиаттың үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге " объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ______

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрі атауының өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі Заңды тұлғаның мекенжайы

__________________________________________________________________

(елі (шетелдік заңды тұлға үшін), пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта________________________________________________

Телефондар_______________________________________________________

Факс____________________________________________________________

Банктік шот ______________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы,

үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) (өндірістік база/ғимарат немесе тұрғын үй – жай (офис) нөмірі)______ парақ қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы;

өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін беретіні;

өтініш берушінің халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыскерінің өтінішті электрондық цифрлық қолтаңбамен растауына келісетіні (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда) расталады.

Басшы ________________________________________________________

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тегі)

Толтыру күні: 20__ жылғы "___" ________________

"Есірткі, психотроптық заттар
мен олардың прекурсорларының
айналымына байланысты
қызметке лицензия беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы)]
Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері

[Орыс тілде қызмет берушінің атауы)]
Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері

Дәлелді бас тарту хаты

Номер: [Номер]

Берілген күні: [Берілген күні]

[Өтініш берушінің атауы]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздін өтінішті қарап [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстын номері], Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымына байланысты қызметке лицензия беру бас тарту хаты туралы хабарлаймыз.

[Бас тарту себебі].

[Қызмет лауазымының қол қою]

[(қол қоюшының болған жағдайда) аты-жөні (бар болған жағдайда)]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Есірткі, психотроптық заттар
мен олардың прекурсорларының
айналымына байланысты
қызметке лицензия беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасына
3-қосымша

**ЛИЦЕНЗИЯ**

20____ жылғы "___" ___________ №_____________

Айналысуға берілді _______________________________________________

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

__________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Ерекше шарттары _________________________________________________

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)

Ескерту: _______________________________________________________

(иеліктен шығарылатындығы, рұқсаттың класы)

Лицензиар ______________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) ___________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Алғашқы берілген күні: " " ____________ _______ ж.

Лицензияның қолданылу кезеңі: " " ____________ _______ ж.

Берілген орны ____________________________________________________

"Есірткі, психотроптық заттар

мен олардың прекурсорларының
айналымына байланысты
қызметке лицензия беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасына
4-қосымша

**ЛИЦЕНЗИЯҒА ҚОСЫМША**

Лицензияның нөмірі ____________
Лицензияның берілген күні 20__ жылғы
Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі(лері)
_________________________________________________________________
("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы)
Лицензиат ______________________________________________________________
__
(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)
Өндірістік база және/немесе объект ______________________________
(орналасқан жері)
Лицензияның қолданылуының ерекше шарттары ___________________
("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)
Лицензиар ____________________________________________________
(лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)
Басшы (уәкілетті тұлға) _________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Қосымшаның нөмірі ________________
Қолданылу мерзімі "____" _______________ _____ ж.
Қосымшаның берілген күні ________________ 20 ____ ж.
Берілген орны ________________________

Бұйрыққа
2-қосымшасы
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 31 наурыздағы
№ 276 бұйрықтың
2-қосымшасы

**"Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар тауарлардың экспортына және импортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар тауарлардың экспортына және импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетудің осы қағидасы (бұдан әрі - Қағидасы) "Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес әзірленді және "Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар тауарлардың экспортына және импортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетудің тәртібін айқындайды (бұдан әрі - көрсетілетін мемлекеттік қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мынадай: экспортқа және (немесе) импортқа лицензия алу, экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу кіші түрлерін қамтиды (бұдан әрі – кіші түрлер).

3. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) – әкімшілік органға, лауазымды адамға әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін өтінішті берген тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік акт қабылданған, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) жасалған адам ( әкімшілік актінің адресаты);

2) әкімшілік акт (мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі) – әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдаған, жария-құқықтық қатынастарда белгілі бір адамның немесе жеке белгіленген тұлғалар шеңберінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім;

3) әкімшілік орган (көрсетілетін қызметті беруші) – мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет ( әрекетсіздік) жасау бойынша өкілеттік берілген өзге де ұйым;

4) әкімшілік рәсім – бұл әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешім қабылдау және орындау жөніндегі, өтініш негізінде немесе өз бастамасы бойынша жүзеге асыратын қызметі, сондай-ақ әкімшілік органның, лауазымды адамның тәртібінде жүзеге асыратын қызметі оңайлатылған әкімшілік рәсім ;

5) Бірыңғай байланыс-орталығы - ақпараттық-коммуникациялық, мемлекеттік қызметтер және өзге де қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты көрсетілетін қызмет алушыларға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету

мәселелері жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну бойынша ақпараттық-анықтамалық қызметінің функцияларын орындайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін заңды тұлға;

6) экспортқа және (немесе) импортқа арналған лицензияның электронды үлгісі - рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, ресімделетін және алынатын, қағаз тасымалдағыштағы рұқсатпен мәні бірдей электрондық құжат нысанындағы рұқсат;

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

8) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) - төлемдерді электрондық нысанда көрсетілетін өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде жүргізу туралы ақпарат беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен бекітілген, үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын бірыңғай тауарлар тізбесінің 2.12-бөліміне енгізілген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың экспорты және (немесе) импорты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 199 шешімімен бекітілген тауарлардың жекелеген түрлеріне лицензия беруге өтінішті рәсімдеу туралы және осындай лицензияны ресімдеу туралы нұсқаулыққа сәйкес рәсімделген лицензия болған кезде жүзеге асырылады (бұдан әрі - нұсқаулық).

5. Көрсетілетін мемлекеттік және кіші түрлері қызмет орта және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлғаларға (қызметті алушыларға) көрсетіледі.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ұсынады (бұдан әрі - қызметті ұсынушы).

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін қызметті алушыларға ақылы түрде көрсетіледі.

8. Қызметті көрсету барысы, үлгісі, мазмұны мен нәтижесі сипатталған көрсетілетін мемлекеттік қызметтің негізгі талаптарының тізбесі, сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қызметті ұсыну ерекшеліктерін қамтыған өзге де мәліметтер осы

Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар тауарлардың экспортына және импортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

9. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін берілген өтінімнің қабылданғаны туралы мәлімет, сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қызметтің қорытындысын алатын күні мен уақыты көрсетілген хабарлама қызмет алушыға "жеке кабинет" арқылы жолданады.

Құжаттар түскен уақыттан бастап қызметті ұсынушының кеңсесі ол құжаттарды қабылдап, тіркеу жүргізеді және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға жібереді. Қызметті ұсынушыға жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгіну кезінде, еңбек заңнамасына сәйкес, өтінімдерді қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің қорытындысын беру келесі жұмыс күні атқарылады.

10. Қызметті ұсынушының сәйкесті жауапты бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі - қызметті ұсынушының қызметкері) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Қызметті алушы құжаттар пакетін және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда қызметті ұсынушының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлімінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес үлгіде дәлелді бас тарту (бұдан әрі - дәлелді бас тарту) көрсетілген жауап дайындайды. Өтінімді одан әрі қызметті алушының "жеке кабинет" порталы арқылы қызмет ұсынушының өкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен электронды құжат үлгісімен жолдайды.

Қызметті алушы құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда қызметті ұсынушының жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері ұсынылған құжаттардың және мәліметтердің және (немесе) нұсқаулыққа сәйкес лицензия беруге өтінім мен ұсынылған құжаттардың талапқа сай рәсімделуін тексереді. Бұдан соң осы Қағиданың 3 және 4-қосымшаларына сәйкес үлгіде лицензия қалыптастырады, не болмаса көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетуден себепті бас тарту жауабын дайындайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетіне" жолданады.

11. Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар тауарларды әкетуге және әкелуге лицензия беруге арналған құжаттар тізбесінде сәйкессіздік анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік – процестік кодексінің 73-бабымен мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдағанға дейін мемлекеттік қызметті қарау мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей алушыға алдын ала шешім жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне оны алған күннен бастап 2 ( екі) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушы қарсылық береді немесе мәлімдийды.

Көрсетілетін қызметті беруші тыңдау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандарға сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны береді немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

12. Қызметті ұсынушылардың көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі, өтінімді қабылдау және тіркеу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

13. Экспорт және (немесе) импортқа лицензияны қайта рәсімдеу мына жағдайларда рәсімделеді:

1) заңды тұлға-лицензиат қосылу үлгісімен қайта ұйымдастырылғанда, қайтадан құрылғанда, заңды тұлға-лицензиат келесі бір заңды тұлғаға қосылғанда, бөлініп шыққанда және бөлінгенде;

2) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) мекенжайы өзгергенде.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, нақтырақ айтқанда, егер заңды тұлға-лицензиаттың мекенжайы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы " Заңының талаптарына сәйкес елді мекеннің, көше атауының өзгеруіне байланысты өзгерсе, экспорт және (немесе) импортқа лицензияны қайта рәсімдеу жүргізілмейді.

Лицензиаттардың мекенжайын осылайша өзгерту мемлекеттік ақпараттық жүйені біріктірілуі арқылы жүзеге асырылады.

Экспорт және (немесе) импортқа лицензияны қайта рәсімдеудің жалпы мерзімі өтінімдерді қабылдаған және тіркеген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

14. Экспорт және (немесе) импортқа лицензияны алу кезінде:

1) осы санаттағы заңды және жеке тұлғалар үшін бұл қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасы заңдарымен тыйым салынуы;

2) лицензиялық алымға енгізілмеуі;

3) өтінім берушіге (қызметті алушыға) қатысты лицензиялауға жататын қызмет немесе жекелеген қызмет түрлерімен айналысуын тоқтату немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;

4) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың өтінім беруші-борышкерге уақытша тыйым салуы;

5) өтінім беруші (қызметті алушы) лицензия алу үшін ұсынған құжаттары және ( немесе) ондағы деректері (мәліметтері) анық емес болуы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетуден себепті бас тартуға негіз болып табылады.

15. Заңды-тұлға лицензиат бөлініп шығу және бөліну түрінде қайта құрылған жағдайда:

1) экспорт және (немесе) импортқа лицензияны қайта рәсімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбау немесе талапқа сай рәсімдемегенде;

2) егер бұрын экспорт және (немесе) импортқа лицензия заңды тұлға-лицензиаттардың бөлінуі нәтижесінде пайда болғандардың ішінен басқа заңды тұлғаға қайта рәсімделген болса көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетуден себепті бас тартуға негіз болып табылады.

16. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабына сәйкес қызметті ұсынушы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің кезеңі туралы мәліметтерді көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы өкілетті орган бекіткен тәртіп негізінде енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсатнамалар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің кезеңі туралы мәліметтер көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

17. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымды карауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және мониторингі жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және мониторингілеу жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып жатқан лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы

әкімшілік актіні шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет қабылдаған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

19. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы сотқа дейінгі шағымдан кейін сотқа жүгіне алады.

"Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлары бар тауарлардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидасына
1-қосымша

## "Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік қызметтің атауы | Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру |
| 2 | Мемлекеттік қызметтің кіші түрлерінің атауы | Экспортқа және (немесе) импортқа лицензия алу, экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу |
| 3 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Ішкі істер министрлігі |
| 4 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету амалы | Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 5 | Мемлекеттік қызметтерді және кіші түрлері көрсету мерзімі | Экспортқа және (немесе) импортқа рұқсат беру кезінде - 3 ( үш) жұмыс күні;<br>Экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу кезінде - 2 (екі) жұмыс күні. |
| 6 | Мемлекеттік қызметтерді және кіші түрлері көрсету нысаны | Электронды (толық автоматтандырылған) |
| | | 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету нәтижесі | бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық. |
| 8 | Мемлекеттік қызметті және кіші түрлері көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіру тәсілдері | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексінің (Салық кодексі) 554-бабына сәйкес ол тұратын жері бойынша бюджетке қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға құқық беру үшін лицензиялық алым төлейді:<br>1) экспортқа және (немесе) импортқа лицензия беру кезінде 10 (он) айлық есептік көрсеткішті құрайды;<br>2) экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу кезінде 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.<br>Төлем қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ төлем портал арқылы "электрондық үкіметтің" төлем шлюзімен (бұдан әрі - ЭҮТШ) жүзеге асырылуы мүмкін. |
| 9 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | Көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.<br>порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелерін беру |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мекен-жайлары:<br>1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында: www.mvd.gov.kz "Мемлекеттік қызмет көрсету" бөлімінде;<br>2) порталда орналасқан. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі талап етіледі | Экспортқа және (немесе) импортқа лицензия алу үшін:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде 1 және 2-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша электрондық түрде экспортқа және (немесе) импортқа лицензия алу үшін заңды тұлғаның өтініші;<br>2) экспортқа және (немесе) импортқа лицензия алған жағдайда - ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер;<br>3) сыртқы сауда шартының ( келісімшартының), оған қосымшаның және (немесе) толықтырудың (біржолғы лицензия үшін) электрондық көшірмесі, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарт) болмаған жағдайда - тараптардың ниетін растайтын өзге құжаттың көшірмесі;<br>4) егер бұл тиісті мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, бақылаушы заттардың нақты партиясын оның аумағына әкелуге импорттаушы мемлекеттің құзыретті органы рұқсатының не аталған рұқсат талап етілмейтіні туралы осы органнан ресми хабарламаның электрондық көшірмесі.<br>Экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу үшін: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 5) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;<br>6) лицензия экспортқа және (немесе) импортқа қайта ресімделген жағдайда - ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат туралы мәліметтер;<br>7) лицензияны қайта ресімдеген жағдайда - олар туралы ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, экспортқа және (немесе) импортқа лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері. |
| 11 | Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсетуден бас тарту негіздері | 1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;<br>2) лицензиялық алым енгізілмеген ;<br>3) өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болған;<br>4) сот орындаушысының ұсынымы негізінде сот борышкер өтініш берушіге лицензия беруге уақытша тыйым салған;<br>5) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталса, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.<br>Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензияны |

| | | |
|---|---|---|
| | | қайта ресімдеу кезінде құжаттарды ұсынбау немесе тиісінше ресімдемеу болып табылады.<br>Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:<br>6) тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және ( немесе) импортына лицензияны қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбау немесе тиісінше ресімдемеу;<br>7) егер бұрын тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына лицензиялар заңды тұлғалар-лицензиаттардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болғандар қатарынан басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе. |
| 12 | Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ерекшеліктері мен түрлерін, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтерді көрсетуді ескере отырып, өзге де талаптар | 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы;<br>3) мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында көрсетілген : www.mvd.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4) порталда көзі нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді. |

"Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасына мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
1-қосымша

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына лицензия алуға арналған өтініш

| | | |
|---|---|---|
| 1. Өтініш № | 2. Қолданылу кезеңі<br>бастап дейін | |
| 3. Лицензияның типі \| ЭКСПОРТ | 4. Келісімшарт<br>____ жылғы № ___ | |
| 5. Өтініш беруші\| | 6. Сатып алушы | |
| 7. Тағайындалған елі\| | 8. Сатып алушының елі\| | |
| 9. Келісімшарт валютасы\| | 10. Құны | 11. Статистикалық құны\| |
| 12. Шығарылған елі\| | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі\| |
| 15. КО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіздеме | 18. Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы<br>Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Телефоны<br>Қолы және мөрі Күні | |

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

_____________________________________________

(қолы)

20___ж. "___"________

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына лицензия алуға арналған өтінішке қосымша

| | | | |
|---|---|---|---|
| жылғы № өтінішке қосымша | | | |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Барлығы парақ Парақ № | | 18. Уәкілетті тұлға<br>Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Қолы және мөрі Күні | |

"Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлары бар тауарлардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидасына
мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне
2-қосымша

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия алуға арналған өтініш

| | | |
|---|---|---|
| 1. Өтініш № | 2. Қолдану кезеңі<br>бастап дейін\| | |
| 3. Лицензияның типі \| ИМПОРТ | 4. Келісімшарт<br>____ жылғы № ___ | |
| 5. Өтініш беруші | 6. Сатушы | |
| 7. Жіберу елі | 8. Сатушының елі | |
| 9. Келісім-шарт валютасы | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. КО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіздеме | 18. Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы<br>Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Телефоны<br>Қолы және мөрі Күні | |

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия алуға арналған өтінішке қосымша

| | | | |
|---|---|---|---|
| жылғы № өтінішке қосымша | | | |
| Р/с | | саны | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| № | Тауардың сипаттамасы | құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Барлығы парақ Парақ № | | 18. Уәкілетті тұлға<br>Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Қолы және мөрі Күні | |

"Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлары бар тауарлардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидасына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы)]
Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері

[Орыс тілде қызмет берушінің атауы)]
Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері

Дәлелді бас тарту хаты

Номер: [Номер]
Берілген күні: [Берілген күні]

[Өтініш берушінің атауы]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздін өтінішті карап [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстын номері], Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлары бар тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беру бас тарту хаты туралы хабарлаймыз.
[Бас тарту себебі].

[Қызмет лауазымының қол қою] [ (қол қоюшының болған жағдайда) аты-жөні (бар болған жағдайда)]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлары бар тауарлардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидасына
3-қосымша

## Тауардың жекелеген түрлерінің экспортына лицензия

| | | |
|---|---|---|
| Уәкілетті орган | | |
| 1. лицензия № | 2. Қолданылу кезеңі<br>бастап дейін\| | |
| 3. Лицензияның типі<br>\|ЭКСПОРТ | 4. Келісімшарт<br>____ жылғы № ___ | |
| 5. Өтініш беруші\| | 6. Сатып алушы | |
| 7. Тағайындалған елі\| | 8. Сатып алушының елі\| | |
| 9. Келісімшарт валютасы\| | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі\| | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. СЭҚ БТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіздеме | 18. Уәкілетті тұлға<br>Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Қолы және мөрі Күні | |

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына лицензияға қосымша

| | | | |
|---|---|---|---|
| Уәкілетті орган | | | |
| жылғы № лицензияға қосымша | | | |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны | өлшем бірлігі |
| | | құны | |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны | өлшем бірлігі |
| | | құны | |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны | өлшем бірлігі |
| | | құны | |
| Р/с | | саны | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| № | Тауардың сипаттамасы | құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Барлығы парақ Парақ № | | 18. Уәкілетті тұлға<br>Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Қолы және мөрі Күні | |

"Құрамында есірткі құралдары,
психотроптық заттар мен
прекурсорлары бар тауарлардың
экспорты мен импортына
лицензия беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидасына
4-қосымша

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия

| | | |
|---|---|---|
| Уәкілетті орган | | |
| 1. лицензия № | 2. Қолданылу кезеңі<br>бастап дейін\| | |
| 3. Лицензияның типі<br>\|ИМПОРТ | 4. Келісімшарт<br>____ жылғы № ___ | |
| 5. Өтініш беруші\| | 6. Сатушы | |
| 7. Жөнелту елі\| | 8. Сатушының елі\| | |
| 9. Келісім-шарт валютасы\| | 10. Құны | 11. Статистикалық құны |
| 12. Шығарылған елі\| | 13. Саны | 14. Өлшем бірлігі |
| 15. СЭҚ БТН бойынша тауардың коды және оның сипаттамасы | | |
| 16. Қосымша ақпарат | | |
| 17. Лицензия беру үшін негіздеме | 18. Уәкілетті тұлға<br>Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Қолы және мөрі Күні | |

## Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензияға қосымша

| | | | |
|---|---|---|---|
| Уәкілетті орган | | | |
| жылғы № лицензияға қосымша | | | |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с | | саны | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| № | Тауардың сипаттамасы | құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Р/с<br>№ | Тауардың сипаттамасы | саны<br>құны | өлшем бірлігі |
| Барлығы парақ Парақ № | | 18. Уәкілетті тұлға<br>Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)<br>Лауазымы<br>Қолы және мөрі Күні | |

Бұйрыққа
3-қосымшасы
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2020 жылғы 31 наурыздағы
№ 276 бұйрықтың
3-қосымшасы

## "Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағида) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетудің тәртібін айқындайды (бұдан әрі - көрсетілетін мемлекеттік қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мынадай: әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат алу, әкелуге, әкетуге және транзитке рұқсатты қайта ресімдеу кіші түрлерін қамтиды (бұдан әрі – кіші түрлер).

3. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) – әкімшілік органға, лауазымды адамға әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін өтінішті берген тұлға, сондай-ақ өзіне

қатысты әкімшілік акт қабылданған, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) жасалған адам ( әкімшілік актінің адресаты);

2) әкімшілік акт (мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі) – әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдаған, жария-құқықтық қатынастарда белгілі бір адамның немесе жеке белгіленген тұлғалар шеңберінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім;

3) әкімшілік орган (көрсетілетін қызметті беруші) – мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет ( әрекетсіздік) жасау бойынша өкілеттік берілген өзге де ұйым;

4) әкімшілік рәсім – бұл әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешім қабылдау және орындау жөніндегі, өтініш негізінде немесе өз бастамасы бойынша жүзеге асыратын қызметі, сондай-ақ әкімшілік органның, лауазымды адамның тәртібінде жүзеге асыратын қызметі оңайлатылған әкімшілік рәсім ;

5) Бірыңғай байланыс-орталығы - ақпараттық-коммуникациялық, мемлекеттік қызметтер және өзге де қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты көрсетілетін қызмет алушыларға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну бойынша ақпараттық-анықтамалық қызметінің функцияларын орындайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін заңды тұлға;

6) рұқсаттың электрондық нысаны - рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, ресімделетін және алынатын, қағаз тасымалдағыштағы рұқсатпен мәні бірдей электрондық құжат нысанындағы рұқсат;

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

8) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) - төлемдерді электрондық нысанда көрсетілетін өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде жүргізу туралы ақпарат беру процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелу, әкету және транзиттеу Еуразиялық экономикалық комиссия елдері арасындағы сауда кезінде рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі .

6. Мемлекеттік қызметті және кіші түрлерін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші ) көрсетеді .

7. Мемлекеттік қызмет және кіші түрлерін көрсетілетін қызметті алушыларға тегін негізде көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес "Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

9. Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар түскен сәттен бастап оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді бас тартуды (бұдан әрі-дәлелді бас тарту) дайындайды, ол көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын, мәліметтерді ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидаға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жіберіледі.

11. Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзитіне рұқсат беруге арналған құжаттар тізбесінде сәйкессіздік анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік – процестік кодексінің 73-бабымен мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдағанға дейін мемлекеттік қызметті қарау мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш ) жұмыс күнінен кешіктірмей алушыға алдын ала шешім жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне оны алған күннен бастап 2 ( екі) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушы қарсылық береді немесе мәлімдийды.

Көрсетілетін қызметті беруші тыңдау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша импортқа, әкетуге және транзитке рұқсат не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетуінің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

13. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты қайта ресімдеу жағдайлары:

1) заңды тұлға-лицензиатты бірігу, қайта құру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғаға қосу, бөлініп шығу және бөлу нысандарында қайта ұйымдастыру;

2) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жерінің өзгеруі ( лицензияда мекенжайы көрсетілген жағдайда).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше атауларының өзгеруіне байланысты лицензиаттың орналасқан жері өзгерген жағдайда, Қағиданың осы тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты қайта ресімдеу жүзеге асырылмайды.

Лицензиаттардың мекенжайларын осындай өзгерту мемлекеттік ақпараттық жүйелерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Әкелуге, әкетуге және транзиттеуге лицензияны қайта ресімдеудің жалпы мерзімі өтінішті қабылдаған және тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

14. Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат алу кезінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін мына жағдайлар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

3) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот борышкер өтініш берушіге лицензия беруге уақытша тыйым салған;

4) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) рұқсат алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталса, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

15. Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мына жағдайлар негіз болып табылады:

1) есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген;

2) егер есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге бұрын рұқсаттар заңды тұлғалар-лицензиаттардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болған қатарынан басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе негіз болады.

16. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңынын 5-бабына сәйкес қызметті ұсынушы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің кезеңі туралы мәліметтерді көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы өкілетті орган бекіткен тәртіп негізінде енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсатнамалар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің кезеңі туралы мәліметтер көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

17. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және мониторингі жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және мониторингілеу жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып жатқан лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік актіні, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет қабылдаған жағдайда, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

19. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы сотқа дейінгі шағымнан кейін сотқа жүгіне алады.

"Есірткі құралдарын,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды әкелуге, әкетуге
және транзиттеуге рұқсат беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасына
1-қосымша

**"Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік қызметтің атауы | Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзитіне рұқсат беру |
| 2 | Мемлекеттік қызметтің кіші түрлерінің атауы | Әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат алу, әкелуге, әкетуге және транзитке рұқсатты қайта ресімдеу |
| 3 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Ішкі істер министрлігі |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету амалы | Өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 5 | Мемлекеттік қызметтерді және кіші түрлері көрсету мерзімі | Әкелуге, әкетуге және транзитіне рұқсат беру кезінде - 3 (үш) жұмыс күні;<br>әкелуге, әкетуге және транзитіне рұқсат беруді қайта ресімдеу кезінде - 2 (екі) жұмыс күні. |
| 6 | Мемлекеттік қызметтерді және кіші түрлері көрсету нысаны | Электронды (толық автоматтандырылған). |
| 7 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету нәтижесі | 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша әкелуге, әкетуге және транзитіне рұқсат беру немесе Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсетуде дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық. |
| 8 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оларды өндіріп алу амалдары | Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушыға тегін көрсетіледі. |
| 9 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | Көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.<br>порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижелерін беру |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мекен-жайлары:<br>1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында: www.mvd.gov.kz "Мемлекеттік қызмет көрсету" бөлімінде;<br>2) порталда орналасқан. |
| | | Әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат алу үшін:<br>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық түрдегі заңды тұлғаның өтініші;<br>2) импорттаушы мемлекеттің құзыретті органының оның аумағына бақылаудағы заттардың нақты партиясын әкелуге рұқсатының электрондық көшірмесі егер бұл тиісті мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, импорттаушы мемлекеттің құзыретті органының бақыланатын заттардың нақты партиясын оның аумағына әкелуге рұқсатының немесе аталған рұқсат талап етілмейтіні туралы осы органнан ресми хабарламаның электрондық көшірмесі;<br>3) қосымша келісімдер мен қосымшаларды қоса бере отырып, бақыланатын заттарға қатысты сыртқы сауда шартының электрондық көшірмесі;<br>4) тұтынушымен жасалған қосымша келісімдер мен қосымшаларды қоса бере отырып, бақыланатын заттарға қатысты шарттың электрондық көшірмесі;<br>транзитке рұқсат алу үшін:<br>5) заңды тұлғаның осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық түрдегі өтініші;<br>6) өтініш беруші ұйымның мемлекеттік тіркелуі туралы |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі талап етіледі | нотариалды куәландырылған куәліктің электрондық көшірмесі ( орыс тіліндегі аудармасымен);<br>7) мемлекеттің қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтініш беруші елдің мемлекеттік органы берген бақыланатын заттардың айналымына байланысты қызметке лицензияның немесе сертификаттың нотариалды куәландырылған электрондық көшірмесі (орыс тіліндегі аудармасымен);<br>8) сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша кодтарды көрсете отырып, транзитке жататын бақыланатын заттардың ( физикалық және құндық мәнде) атауы мен көлемі;<br>9) өтініш беруші тарапынан бақыланатын заттардың транзитін жүзеге асыру кезінде ықтимал апатпен келтірілген залалды өтеу туралы сақтандыру және басқа да қаржылық кепілдіктерді немесе өзге де міндеттемелерді ұсыну;<br>10) Қазақстан Республикасында бақылауға жататын бақыланатын заттарды жеткізуге арналған шарттың нотариалды куәландырылған электрондық көшірмесі, оған түпкі жүк алушының бақыланатын заттарды пайдаланудың нақты мақсаты туралы өтініші (орыс тіліндегі аудармасымен) қоса беріледі;<br>11) өтініш беруші елінің құзыретті ресми органының төтенше жағдайлардағы алдын алу және іс-қимыл жүйесінің мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асыру кезінде ықтимал апаттың салдарын жоюға дайындығы туралы растауының электрондық көшірмесі;<br>12) егер жүкті жүк алушыға беру оған байланысты емес себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда, жүк жөнелтушінің бақыланатын заттарды осы жүктерді кері қабылдау міндеттемелері туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | растауының электрондық көшірмесі;<br>13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзу анықталған жағдайда тасымалдаудың нақты жағдайларына тексеру жүргізуге, сондай-ақ ықтимал уақытша сақтауға, кері тасымалдауға, сараптауға және атқарушы органдардың басқа да қажетті іс-қимылдарына байланысты шығыстарды, сондай-ақ анықталған ауытқуларды заңнама талаптарына сәйкес келтіру қажеттілігіне және/немесе жүкті экспорт мемлекетіне қайтаруға байланысты шығыстарды өтеу туралы өтініш берушінің растауының электрондық көшірмесі.<br>Әкелуге, әкетуге және транзитке рұқсатты қайта ресімдеу үшін:<br>14) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;<br>15) лицензияны қайта ресімдеу жағдайында - мемлекеттік ақпараттық жүйелерде ақпараты бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері. |
| | | 1) қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңдарымен жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін тыйым салынады;<br>2) өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар;<br>3) сот орындаушысының ұсынымы негізінде сот борышкер |

| | | |
|---|---|---|
| 11 | Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет және кіші түрлері көрсетуден бас тарту негіздері | өтініш берушіге рұқсат беруге уақытша тыйым салады;<br>4) өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) рұқсат алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталса.<br>Заңды тұлға-лицензиат бөлініп шығу және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:<br>5) есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсатты қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбау немесе тиісінше ресімдемеу;<br>6) егер бұрын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат заңды тұлғалар-лицензиаттардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болған қатарынан басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе. |
| 12 | Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ерекшеліктері мен түрлерін, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтерді көрсетуді ескере отырып, өзге де талаптар | 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ "1414" Бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777;<br>3) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында көрсетілген: www.mvd.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777;<br>4) порталда көзі нашар көретіндерге арналған нұсқа бар. |

"Есірткі құралдарын,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды әкелуге, әкетуге
және транзиттеуге рұқсат беру"
мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын негізгі
талаптардың тізбесінің
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Өтініш**

________________________________________________________________

(заңды тұлға ұйымының атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефоны)
Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары бар өнімді (керексіз сызылып тасталсын) мыналардан әкелуге (әкетуге) рұқсат беруіңізді сұраймын:

________________________________________________________________

________________________________________________________________

(елдің, алушы (жөнелтуші) ұйымның атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

| Р/с № | Тізім, кестесінің №, Ұстаным № | Халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА) | Саудалық атауы болған кезде | Өлшем бірлігі | Саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

СЭҚ БТН бойынша тауардың коды ___________________________________
Бақыланатын заттарды әкелу (әкету) мақсаты: _________________________
Заңды тұлғаның басшысы ___________________________________________
(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

_________________________

(қолы)
20__ж. "__"________

"Есірткі құралдарын,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды әкелуге, әкетуге
және транзиттеуге рұқсат беру"
мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын негізгі
талаптардың тізбесінің
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Өтініш**

___________________________________________________________________

(ұйымның, заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

Қазақстан Республикасы арқылы құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар

мен олардың прекурсорлары бар өнімдерді транзиттеуге (керексіз сызып тасталсын)

рұқсат беруіңізді сұраймын:____________________

___________________________________________________________________

(экспортташының атауы, елдің атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

___________________________________________________________________

(импорттаушының атауы, елдің атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

______________________________________________________________ үшін

(елдің, соңғы жүк алушы ұйымның атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

| Р/с № | Тізім, кестесінің №, Ұстаным № | Халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА) | Саудалық атауы болған кезде | Өлшем бірлігі | Саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

СЭҚ БТН бойынша тауардың коды ___________________________________

Көлік түрі, бағыты __________________________________________________

1. Транзит жүргізілетін шекарадағы кеден органдары көрсетіледі:

1.1. Қазақстан Республикасының аумағына транзиттік өнімдерді әкелу кезіндегі кеден органының атауы:

___________________________________________________________________

1.2. Қазақстан Республикасының аумағынан транзиттік өнімдерді әкету кезіндегі кеден

органының атауы: ____________________

Заңды тұлға басшысы __________________________________________________

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін ____________________________________

(қолы)

20__ж. "___"________

"Есірткі құралдарын,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды әкелуге, әкетуге
және транзиттеуге рұқсат беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасына
2-қосымша

[Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы)]
Мемлекеттік тілде қызмет берушінің атауы деректемелері

[Орыс тілде қызмет берушінің атауы)]
Орыс тілде қызмет берушінің атауы деректемелері

Дәлелді бас тарту хаты

Номер: [Номер]
Берілген күні: [Берілген күні]

[Өтініш берушінің атауы]

[Қызмет берушінің атауы], Сіздін өтінішті карап [Толтырылған күні] жылы № [тапсырыстын номері], Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру бас тарту хаты туралы хабарлаймыз.
[Бас тарту себебі].

[Қызмет лауазымының қол қою] [ (қол қоюшының болған жағдайда) аты-жөні (бар болған жағдайда)]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелуге, әкетуге және транзиттеуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидасына 3-қосымша

## № РҰҚСАТ

(беруге жатпайды, көшірмелері жарамсыз)
___________________________________________________________
(ұйымның атауы, заңды мекенжайы, телефоны)
Қазақстан Республикасының аумағына: ___________________________
_________________________________ әкелуге (әкетуге) рұқсат етілді
(елдің, ұйымның атауы, заңды мекенжайы, телефоны)

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| Р/с № | Тізімнің № кестесі позиция № | Халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА) | Саудалық атауы (бар болса) | Өлшем бірлігі | Саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

СЭҚ БТН бойынша тауардың коды ___________________________________

Бақыланатын заттарды әкелу (әкету) мақсаты: _________________________

_________________________________________________________________

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі: _________________________________

_________________________________________________________________

Басшы ___________________________________________________________

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)

Рұқсаттың берілген күні 20 __ жылғы "___" _________

Рұқсаттың қолданылу мерзімі 20 __ жылғы "___" __________

"Есірткі құралдарын,
психотроптық заттар мен
прекурсорларды әкелуге, әкетуге
және транзиттеуге рұқсат беру"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидасына
4-қосымша

## ТРАНЗИТТЕУГЕ РҰҚСАТ №

Экспорттаушының атауы __________________________________________

(ел, заңды мекенжайы, телефоны) Импорттаушының атауы

___________________________________ (ел, заңды мекенжайы, телефоны)

Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметтің негізін растайтын лицензия (сертификат) туралы мәліметтер: ___________________________________________________________

(рұқсаттың №, берілген күні, қолданылу мерзімі, лицензия (сертификат) берген органның деректері)

Түпкілікті жүк алушы _____________________________________________

Ел арқылы транзитпен өтетін бақыланатын заттар туралы мәліметтер:

_________________________________________________________________

| Р/с № | Тізім кестесінің №, позиция № | Халықаралық патенттелмеген атауы (ХПА) | Саудалық атауы | Өлшем бірлігі | Саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

СЭҚ БТН бойынша тауардың коды __________________________________

Көлік түрі, бағыты _______________________________________________

1. Транзит жүргізілетін шекарадағы кеден органдары көрсетіледі

1.1. Қазақстан Республикасының аумағына есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкелу кезіндегі кеден органының атауы:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

1.2. Қазақстан Республикасының аумағынан есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды әкету кезіндегі кеден органының атауы:

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Бақыланатын заттарды транзиттеудің мақсаты: ___________________________

Басшы _________________________________________________________________

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) қолы)

Рұқсаттың берілген күні 20 __ жылғы "___" _________

Рұқсаттың қолданылу мерзімі 20 __ жылғы "___" ________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК